

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін талдау жүргізу
бойынша әдістемелік
ұсынымдарға
2-қосымша

**Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық
колледжінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
анықтамасы**

1. Нормативтік- құқықтық база:

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі МКҚК (бұдан әрі - Кәсіпорын) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бұйрықтары және басқада нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Колледж Ережесін басшылыққа алады.

**2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
бұйрық, жауапты тұлғалар:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін (бұдан әрі – СЖТІТ) колледж басшысы Зарипа Есенбайқызы Шолтановамен «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2025 жылғы 29 тамызда №39нқ бұйрық шығарылды.

СЖТІТ өткізуге жауапты тұлғалар болып анықталды:

З.Е.Шолтанова - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшысы;

Г.Қ. Юбасарова - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Г.И.Асылбай - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының тәрбие жөніндегі орынбасары;

С.Мугауова - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;

С.Ж.Туреғулова - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының оқу өндірістік жөніндегі орынбасары;

Д.Зиноллин - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының кәсіптік бағдар жөніндегі орынбасары;

М.А.Казиева - Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының АТ жөніндегі орынбасары;

Э.А. Есенова - Бас есепші;

Д.Бисенбиева - Мамандар бөлімінің меңгерушісі;

3. Есептік кезең:

Осы СЖТІТ 2024 жылдың қыркүйегі және 2025 жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша өткізілді.

СЖТІТ жүргізу барысында келесі міндеттер бойынша талдау жүргізілді:

- 1) қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 9) қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 10) жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау.

Сипаттама бөлігі:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі МКҚК СЖТІТ жүргізу барысында 2024 жылдың 01.09-31.12 аралығында 35 қызметкер жұмысқа қабылданған, 2024 жылдың 01.09-31.12 аралығында 9 қызметкермен еңбек шарты бұзылған. 2024 жылдың жыл соңында қызметкерлер саны 155. 2025 жылдың 01.01-31.08 аралығында 8 қызметкер жұмысқа қабылданған, 2025 жылдың 01.01-31.08 аралығында 33 қызметкермен еңбек шарты бұзылған. 31.08.2025 жыл қызметкерлер саны 153.

2024 жылдың қыркүйегі және 2024 жылдың 31 желтоқсан аралығында тәртіптік жазаның мынадай түрлері қолданылған: Атап айтсақ, 2024 жылдың 01.09.2024-31.12.2024 жыл аралығында тәртіптік жазалар алған, мерзімнен бұрын алынып тасталған қызметкерлер тізімі:

1.Жатақхана тәрбиешісі И.Ержановаға ҚР Еңбек Кодексінің 64 бабы 1 тармағына сәйкес, «Қатаң ескерту» жарияланды. 09.10.2024 жылдың № 217кб бұйрығы.

01.09.2024ж – 31.012.2024 жыл аралығында алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу болған жоқ.

2025 жылдың 01 қаңтары және 2025 жылдың 31 тамыз аралығында тәртіптік жазаның мынадай түрлері қолданылған: Атап айтсақ, 2025 жылдың 01.01.2025-31.08.2025 жыл аралығында тәртіптік жазалар алған, мерзімнен бұрын алынып тасталған қызметкерлер тізімі:

Шет тілі пәнінің оқытушылары М.Клитова және Ж.Қалымға ҚР Еңбек Кодексінің 64 бабы 1 тармағына сәйкес, 08.01.2025 жылы №03 кб бұйрығы бойынша «Ескерту» жарияланды.

Өндірістік оқыту шебері А.А.Дуйсенбаевқа ҚР Еңбек Кодексінің 72 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, 17.03.2025 жылы №46 кб бұйрығы бойынша «Қатаң сөгіс» жарияланды.

Шет тілі пәнінің оқытушылары М.Клитова және Ж.Қалымға ҚР Еңбек Кодексінің 66 бабы 5 тармағына сәйкес, 29.04.2025 жылы №76 кб бұйрығы бойынша тәртіптік жаза мерзімінен бұрын алынып тасталды.

Барлық қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі сақталған.

Азаматтық қызметшілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталуда. Барлық азаматтық қызметшілер кірістер мен мүліктері туралы декларациялары Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мерзімде тапсырылған.

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық қызмет» мәліметтер базасында тексеріліп, талдау кезеңінде колледж қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығы туралы мәліметтер тіркелмеген.

Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның ішкі құжаттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. 2024 жылдың қыркүйек-желтоқсан айлары қорытындысы бойынша барлығы 272 бұйрық шығарылды (*жеке құрам – 158, негізгі құрам – 11, іс сапар – 103*).

2025 жылдың қаңтар – тамыз аралығында 376 бұйрық шығарылды (*жеке құрам – 199, негізгі құрам – 40, іс сапар – 137*). Заң бұзушылық анықталмады.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Колледж қызметкерлерін талдау барысында жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуі анықталған жоқ. Колледж қызметкерлері арасында мүдделік таластар мен даулар тіркелген жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14 бабында белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V заңына сәйкес, білім беру ұйымында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны -8.

Мемлекеттік қызмет қағаз жүзінде және электрондық қабылдау тәртіптерімен белгіленген. 2024 жылдың қыркүйек айы мен 2025 жылдың қыркүйек айы аралығы бойынша ақпарат.

1.1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына сәйкес, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға киім-кешекпен қамтылуы (обмундирование) және білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқып жүрген білімалушыларға тегін тамақтандыру ұйымдастырылды. Жетім Және ААҚҚ саны -8; Жұмысшы мамандықтар бойынша білімалушылар саны -398.

1.2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында білім алушыларға жатақхана беру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығына сәйкес, жатақхана орындарымен 106 білімалушылардың өтініштері қанағаттандырылды.

1.3. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына сәйкес, білімі туралы құжаттың (диплом) телнұсқаларын беру бойынша 57 өтінім келіп түсті, оның 46 қағанаттандырылды, 11 өтінім көрсетілген ақпараттардың сәйкес келмеу фактілері бойынша кері қайтарылды.

1.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына сәйкес, «Abiturent.kz» жүйесі арқылы және әңгімелесі өткізу негізінде өткізілген конкурс нәтижелері бойынша 475 талапкер күндізгі оқу бөліміне 34 талапкер сырттай оқу бөлімдеріне қабылданды.

1.5. "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың ауысу және қайта қабылдануы бойынша: басқа орын орнына ауысу, топтан топқа ауысу, қабылдану, әскерден оралу бойынша қайта қабылдану т.б. себептері негізінде 61 өтініш қанағаттандырылды.

1.6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығына сәйкес әскерге кетуіне байланысты академиялық демалыстар берілу бойынша 18 тапсырылған анықтамалар негізінде бұйрықпен бекітілді.

1.7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру қағидалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына сәйкес, оқуын аяқтамаған білім алушыларға 18 өтінім қанағаттандырылды.

Жалпы 2025-2026 оқу жылында білімалушылар саны күндізгі бөлімде 1292, сырттай нысанда 110 құрады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы

2.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 820 Қаулысына сәйкес заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен 38 өтініш қаралу тәртібіне сәйкес орындалды. Ешқандай мерзімбұзушылық орын алған жоқ.

4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

«Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі» МКҚК бюджеттік жоспар талдауы, қаржылық жоспарды бекітілуі және орындалуы ҚР Бюджеттік Кодексі, ҚР Қаржылық қызмет заңнамасына сай жүзеге асады. Ұйымдағы есеп Халықаралық қаржылық есеп стандартына, ҚР Салық кодексіне, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспары, Қызметкерлердің жалақысы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 31.12.2015ж. №1193 қаулысына сәйкес есептеледі және бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар және басқа да нормативтік актілермен жүргізіледі.

01.01.2024 - 31.12.2024 жыл есебін беру кезеңінде қаржыландыру толықтай игерілді. Жартыжылдық және жылдық есеп берулер уақытымен тапсырылды. Кемшіліктер мен ескертулер жоқ.

01.01.2025-31.08.2025 жыл білім беру/ оқыту саласындағы қызметтері үшін жергілікті бюджеттен 024-015, 024-011 бағдарламаларымен - барлық шығындар үшін оның ішінде жалақы, салықтар, студенттердің шәкірт ақысы т.б шығындар қаржыландырылып, барлығы игерілуде. Жарты жылдық есеп берулер уақытымен тапсырылды. Кемшіліктер мен ескертулер жоқ. Басшы өз құзреті шеңберінде өзінің электрондық кілті арқылы банк аударымдарын жүзеге асырады. Бас есепші барлық аударымдардың төлемдерін банкке дайындауды жүзеге асырады.

Колледж жыл сайын қаржы шаруашылық қызметінің жоспарын жасайды. Есеп бөлімі колледж бюджетін ағымдағы жоспарлауды жүзеге асырады, баға саясатын жүргізеді, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептер жасайды және уәкілетті органдарға ұсынады, оқытушылар құрамының, әкімшілі, басқарушылық, оқу-әдістемелік және көмекші штат кестесінің жобасын әзірлейді және басшылыққа бекітуге ұсынады.

Колледжде бухгалтерлік есеп «ІС: Кәсіпорын, 8.3 нұсқасы» автоматтандырылған тәсілмен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді.

Активтер мен міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ету, сондай ақ бухгалтерлік есеп деректері мен қаржылық есептіліктің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорын жыл сайын активтер мен міндеттемелердің жыл сайынғы түгендеуін жүргізеді.

5. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Мемлекеттік сатып алу қызметі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V-ЗРК Заңына сәйкес және колледж басшысы бекіткен бұйрығымен жүзеге асырылады. «Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі» МКҚК-ның мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша 2023 жылдың 01.06-31.12 айлар аралығында 224 келісім шарт жасалған. 2024 жылдың 01.01-31.08 аралығында 383 келісім шарт жасалған.

Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша келеңсіз жағдай анықталмады.

6. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Колледж қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

Электрондық еңбек биржасы «enbek.kz» бос жұмыс орындарын орналастыру және қызметкерлерді іздеу үшін, Еңбек шарттарын біріңғай есепке алудың біріңғай жүйесі «enbek.kz» еңбек шарттарды тіркеу үшін қолданамыз;

Ұлттық білім беру деректер қоры «nabd.iac.kz» колледж жұмысы туралы барлық ақпаратты персоналды сақтауға арналған.

7. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Колледждің ресми сайты және әлеуметтік желілердегі парақшалар (Facebook, Instagram, YouTube) жұмыс жасауда. Колледждің ресми сайтында Заңдар, құқықтық актілер, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, білім саласы туралы толық мәліметтер орналастырылып, уақытылы өзектендіреді.

Жыл бойы ақпарат құралдарына білім саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар және жаңалықтар туралы мәліметтер уақытылы және толық беріледі.

Колледж қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын сақтауға қатысты құқықтық мәселелер бойынша тұрақты негізде

консультациялар өткізіледі.

2024 жылдың қыркүйегі және 2025 жылдың тамыз айында қандай да бір іс-шаралар үшін сыйлықтарды өткізу және ақша қаражатын заңсыз жинау фактілері тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы және алдын алу тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Колледж қызметкерлері жұмыс тәртібінің регламентін сақтайды, қызметшілердің жұмыстан тыс уақытта негізсіз болу фактілері байқалған жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Шолтанова З.Б.



Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшысы,
Жұмыс тобының төрағасы

Юбасарова Г.К.

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Асылбай Г.И.

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының тәрбие жөніндегі орынбасары

Мугауова С.И.

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

Турегулова С.Ж.

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының оқу өндірістік жөніндегі орынбасары

Зиноллин Д.Н.

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі басшының кәсіптік бағдар жөніндегі орынбасары

Есенова Э.А.

Бас есепші

Бисенбиева Д.

Мамандар бөлімі